

## Ауданың коммуналдық мүлкін мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін анықтау туралы

### ***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 69 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 20 наурызда № 3171 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 7 шілдедегі № 210 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 07.07.2015 № 210 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Мемлекеттік мұлікті мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88 қаулысымен бекітілген, мемлекеттік мұлікті мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларының 50-тармағына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қосымшаға сәйкес ауданың коммуналдық мүлкін мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібі анықталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімінің орынбасары А.Ф. Махметовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап пайда болған құқықтық қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

A.Tastemirov

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 69 қаулысымен бекітілді

## **Ауданың коммуналдық мүлкін мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібі**

1. Осы жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібі "бұдан әрі-Қағида)" "Мемлекеттік мұлікті мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 13 ақпандағы № 88

қаулысымен бекітілген мемлекеттік мұлікті мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру Қағидаларының 50-тармағына сәйкес әзірленген және ауданның коммуналдық мүлкін мұліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу тәртібін анықтайды.

2. Аудандық коммуналдық заңды тұлғалардың тенгеріміндегі мемлекеттік тұрғын емес қоры объектілерін мұліктік жалдауға (жалға алуға) жылдық жалдау ақысының мөлшерлеме есебі жалдау ұйымдастыруышылық-құқықтық үлгісін есепке алатын, аумақтық орналасуы, жайлышылдық дәрежесін, тұрғын емес үй-жайдың салыну үлгісі, түрі коэффициенттердің қолданылатын базалық ставкасы осы Қағиданың №1 қосымшасына сәйкес және мөлшерлері негізінде анықталады және мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A_p = Rbs \times Sx Kt \times Kk \times Ksc \times Kr \times Kvд \times Kopf,$$

мұнда:

$A_p$  – коммуналдық заңды тұлғалардың тенгеріміндегі тұрған мемлекеттік тұрғын емес қордың объектілерінің жылына 1 шаршы метр үшін жалдау ақысының мөлшерлемесі;

$Rbs$  – 1 шаршы метрге жалдау ақысының базалық мөлшерлемесі, жылына теңге;

$S$  – жалға алынатын алан, шаршы метр, ғимаратта бөлмелердің бөлігін жалдауды есептеу кезінде мұліктік жалдауға (жалға алуға) берілетін алаңның 25 % көлемінде осы аландарды жалдаушымен ортақ пайдаланылатын орындарға рұқсат етілетіндерді есепке алу қажет;

$Kt$  – құрылым үлгісін ескеретін коэффициент;

$Kk$  – тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент;

$Ksc$  – қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент;

$Kr$  – аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент;

$Kvд$  – жалдаушының қызмет түрін ескеретін коэффициент;

$Kopf$  – жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескеретін коэффициент.

3. Осы Қағиданың № 2 қосымшасына сәйкес мемлекеттік тұрғын емес қорының объектілерін қоспағанда, көліктік құралдарын, жабдықтарды және басқа да аудандық коммуналдық меншік мүлкін мұліктік жалдауға (жалға алуға) берудің жылдық ақысы төмендегідей болып белгіленеді:

$$A_p = C \times K1 \times K2,$$

Мемлекеттік тұрғын емес қорының объектілерін қоспағанда, көліктік құралдарын, жабдықтарды және басқа да аудандық коммуналдық меншік мүлкін мұліктік жалдауға (жалға алуға) берудің жылдық ақысы төмендегідей болып белгіленеді:

**Мұндағы:**

$A_p$  – жылына жалдау ақысының мөлшерлемесі;

$C$  – жалдаудағы жылына базалық мөлшерлеме, теңдеумен қабылданатын  $C = (S \text{бал.} \times \text{Наморт.})$ ,

мұндағы:  $S$  бал. – жалға берілетін объектінің бастапқы құны;

Наморт. –жылдық тозу нормасы, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес, тіркелген активтердің өтелім нормасы негізінде анықталады.

$K_1$ -пайдалану мерзімін ескеретін коэффициент;

$K_2$ -пайдалану мерзімін ескеретін коэффициент

Кестеде коэффициент болмаған жағдайда, 1,0 тең коэффициент қабылданады.

Ауданның коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде ақысының мөлшерлемесін есептеу Қағидасына №1 қосымша

**Ауданның коммуналдық мүлкін жалдауға беру (жалға алу) кезінде жалдаушының үйлімдастыру-құқықтық түрі, жалдаушының қызметінің түрі, аумақтық орналасуы, қолайлық дәрежесі, тұрғын емес үй-жайдың түрі, құрылыш үлгісі, қолданылатын коэффициенттің көлемі және базалық мөлшерлемесі**

№ п/н		
	Базалық мөлшерлеме	
1	Экімшілік-аумақтық бірлік	Базалық мөлшерлеменің көлемі
	Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы	Тиісті жылға арналған респубикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген 1,5 айлық есептік көрсеткіші
№ п/н	Коэффициенттер түрі	Коэффициент көлемі
1	Кұрылыш үлгісін ескеретін коэффициент ( $K_t$ ): 1.1 әкімшілік, кеңселік 1.2 өндірістік 1.3 қойма, гараж, қазандық 1.4 спорттық ғимараттар (стадиондар, спорттық залдар)	1,0 0,8 0,6 0,7
2	Тұрғын емес үй-жайдың түрін ескеретін коэффициент ( $K_k$ ) 2.1 жеке тұрган құрылыш 2.2 ғимараттағы үй-жай 2.3 жапсарлас-жанаса салынған бөлігі 2.4 жертөле (жартылай жертөле) бөлігі 2.5 жертөле бөлігі	1,0 1,0 0,9 0,7 0,6
	Қолайлылық дәрежесін ескеретін коэффициент ( $K_{sk}$ )	

	3.1 барлық инженерлік-техникалық құрылғылары бар үй-жайлар үшін (электр энергиясы, көріз, сұмен қамсыздандыру, жылу) қандай да бір коммуникация түрі болмаған кезде әрбір түрі үшін 0,1-ге азаяды.	1,0
4	Аумақтық орналасуын ескеретін коэффициент (Кр):	
	4.1 аудан орталығы үшін	1,0
	4.2 ауылдық елді мекендер үшін	0,5
5	Жалдаушы қызметтің түрін ескеретін коэффициент (Квд):	
	5.1.брокерлік қызметтің және кеден қызметтерін көрсету, айырбастау пункттері және қызметті бағалы қағаздар нарығымен байланысты ұйымдар, сактандыру, инвестициялық компаниялар, нотариалдық кеңселер, адвокаттық кеңселер	3,0
	5.2 банктердің есептік-кассалық орталықтары үшін	2,0
	5.3 коммуникациялық қызметтер, соның ішінде байланыс қызметі, автоматтандырылған телефон стансасы, пошталар	1,4
	5.4 қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру үшін	1,5
	5.5 қонақ үй, сауда-сатып алу қызметтерін ұйымдастыру үшін ұйымдастыру үшін, дәріхана және дәріханалақ пункттер	2,0
	5.6 оқу орындарында қоғамдық тамақтануды ұйымдастыру үшін	0,5
	5.7 білім (мектептен тыс, окушылар үшін үйірме қызметі, компьютерлік сыйыптар), денсаулық сактау, мәдениет және спорт қызмет көрсету үшін	1,0
	5.8.өзге де қызметтер түрлері үшін	1,9
6	Жалдаушының ұйымдастыру-құқықтық нысанын ескертетін коэффициент (Копф):	
	6.1 сауда - сатып алу (делдалдық) қызметтің қоспағанда, өнеркәсіп өндірісін ұйымдастыру және халықта қызмет көрсету саласын дамыту үшін шағын кәсіпкерлер субъектілері үшін	0,9
	6.2 қайырылымдылық және қоғамдық ұйымдарға және бірлестіктерге, комерциялық емес ұйымдар үшін	0,5
	6.3 қалғандары үшін	1,0

Ауданның коммуналдық мүлкін мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу  
Қагидасына №2 қосымша

№ п/п	Коэффициенттер түрі	Коэффициент көлемі
1	Пайдалану мерзімін ескеретін коэффициент К1  автоқөлік пайдалану бойынша 1 жылдан 5 жылға дейін пайдалану бойынша 5 жылдан жоғары	кұралдары: 1, 2 1,0
	жабдықтар және басқа мүлік: пайдалану бойынша 1 жылдан 7 жылға дейін; пайдалану бойынша 7 жылдан жоғары	1, 2 1,0
2	Пайдалану жағдайын ескеретін коэффициент К2  автоқөлік құралдары, жабдықтар және басқа мүлік: аудан орталығы аумағында пайдалану кезінде	4 1, 0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК